

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 197ааб Қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 274-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолдың 3) тармақшасында:

"10000 дана лицензия бланкілерін" деген сөздерден кейін "дайындау жөніндегі қызметтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

"200 дана лицензия бланкілерін" деген сөздерден кейін "дайындау жөніндегі қызметтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 6-жол ", 2 бірлік дербес компьютер" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 275-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанының реттік нөмірі 1-жолында:

мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

3) тармақшада :

"694" деген сандар "212" деген сандармен ауыстырылсын; мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

4) тармақша алынып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) күтпеген шығындар;"

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) "Глубокий" кенішінен Кентау қаласының оңтүстік-батыс ауданына су төкпе қазбасы.";

3) көрсетілген қаулыға 289-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанының реттік нөмірі 1-жолында:

2-тармақтың 3) тармақшасында "2-ші кезектегі құрылыс үшін жоба-сметалық құжаттама" деген сөздер "Ақпараттық технологиялар паркінің бас жоспарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
"Ақпараттық технологиялар паркінің бас жоспарын әзірлеу;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы*  
*П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК